

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ДӘСТҮРЛІ ЖОЛДАУЫН ЖАРИЯЛАДЫ



3 қазанда Ақордадағы резиденциясында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауын арнады. Елбасы жолдауы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелері мен қазақстандықтардың әл-аухатын одан әрмен жақсарту міндеттеріне арналды.

Н.Назарбаевтың жолдауында 2050 жылға қарай Қазақстанның әлемдегі 30 дамыған елдің қатарына қосылуды көдейтін стратегиялық мақсаты көрсетілген. Аталған мақсатқа жету үшін барлық назар алты басымдыққа берілу керек. Атап айтқанда:

- I. Халық табысының өсуі;
- II. Тұрмыс сапасын арттыру;
- III. Өмір сүруге жайлы орта қалыптастыру;
- IV. Азаматтар сұранысына бейімделген мемлекеттік аппарат жасақтау;
- V. Тиімді сыртқы саясат;
- VI. Әрбір қазақстандықтың елдегі өзгерістер үдерісіне атсалысуы көзделген.

Аталған бағыттардағы жұмыс аясында Қазақстан көшбасшысы өз Жолдауында ел Үкіметіне бірқатар нақты тапсырмалар берді, ең алдымен:

- Үкіметке 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақыны 1,5 есе, яғни 28 мыңнан 42 мыңға дейін өсіруді тапсырамын. Бұл барлық сала бойынша түрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындарда жұмыс істейтін 1 миллион 300 мың адамның еңбекақысын тікелей қамтиды.
- бизнесті өркендетудің тұрақты көздерін қалыптастырып, жеке инвестицияны ынталандыру және нарық еркіндігін қолдау керек. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының қолданылу мерзімін 2025 жылға дейін ұзарту керек;

- Бизнесті заңсыз әкімшілік қысымнан және қылмыстық қудалау қаупінен қорғауды арттыра түсу керек. 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап салық заңнамасының бұзылуы жөніндегі қылмыстық жауапкершіліктің қолданылу шегін, айыппұлды өсіре отырып, 50 мың айлық есептік көрсеткішке дейін арттыруды тапсырамын;
- өңдеу секторындағы экспорттаушыларға қолдау көрсетуге баса мән беруі қажет;
- Агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін толық іске асырып, еңбек өнімділігін және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын 2022 жылға қарай 2,5 есе көбейту;
- 5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу қажет. Қаржыландыруды халыққа қызмет көрсету сапасын елеулі түрде арттыруды қамтамасыз ететін тиісті реформаларды жүзеге асыру үшін бағыттау керек;
- Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқыту жүйесі мен әдістемесі мемлекеттік мектептер үшін бірыңғай стандарт болуға тиіс. Бұл мектеп білімін реформалаудың қорытынды кезеңі болады;
- 2019 жылы «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеп, қабылдау қажет деп санаймын. Бұл құжат мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлері үшін барлық игілікті қарастырып, жүктемені азайтуға, жөнсіз тексерістер мен міндеттен тыс функциялардан арашалауға тиіс;
- Қазіргі білім инфрақұрылымының базасында Назарбаев Университетінің үлгісімен өңірлік жаңа жоғары оқу орнын құру қажет деп санаймын.
- Енді өңірлік және қалалық инфрақұрылымды жүйелі түрде дамытқан жөн.
- Үкіметке Президент Әкімшілігімен бірлесіп, «Ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі жол картасын» қабылдауды тапсырамын. полиция қызметкерінің жаңа стандартын бекітіп, мансаптық ілгерілеу, сондай-ақ, Полиция академиялары арқылы кадрларды даярлау мен іріктеу жүйесін өзгерту керек;
- Және өзге де міндеттер жүктеді.

Сонымен қатар, Президент Н.Назарбаев Қазақстанның табысты жаңғыруын қамтамасыз ету үшін бастамашыл белсенді сыртқы саясатты одан әрі жүзеге асыру қажет екендігін атап өтті. Жалпы алғанда Жолдауда халықтың әлеуметтік көңіл-күйіне әсер ететін негізгі салаларда теңдессіз шаралар атқару турасында ұсыныстар айтылды. Қазақстан Президентінің ұсыныстарында айтылған мәселелердің жалпы қаржылық «салмағы» 1,5 триллион теңгеден асып түсті.

«Бірлігіміз мызғымаса, ынтымағымыз ыдырамаса, біз үшін алынбайтын асу, бағынбайтын белес болмайды... Қазақстанның бағындыратын биіктері әлі алда. Осы жолда халық сенімі рухымызды жігерлендіріп, бойымызға күш-қайрат дарытады...», - деді Н.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арналған Жолдауын аяқтаған кезде.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН БІРЫҢҒАЙ ТУРИСТІК ВИЗА ЕНГІЗЕДІ.



3 қазанда Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында ашылған «Жібек жолы бойындағы туризм» тақырыбындағы халықаралық көрмеде жақын болашақта Өзбекстан мен Қазақстанның «Жібек жолы» деп аталатын ортақ виза енгізуі мүмкін екендігі белгілі болды. Ортақ виза туристер үшін бір елден екінші мемлекетке еркін саяхаттау мүмкіндігін бермек.

«Екі жақ та бұл мәселе бойынша белсенді жұмыс істеп жатыр. Бұл жобаға Жібек жолының бойындағы бірқатар өзге елдер де қызығушылық танытып отыр. Біз болашақта олар да өздерінің заңнамаларын өзгертіп, ақпараттық жүйелерін талапқа сай ете отырып, біздің шекарашыларымыз бен қауіпсіздік қызметтеріміздің мамандарына өзара тиімді ақпарат алмасу мүмкіндігін беретін жүйе қалыптастырып, дәл осындай келісімге келетініне үміттенеміз»,- деді Өзбекстан премьер-министрінің орынбасары Азиз Абдухакимов. Жиында мұндай қадамның Орталық Азиядағы туризмді дамытуға оң ықпал ететіні де айтылды. Бірқатар дерек көздері «Жібек жолы» визасының жобасын көрші мемлекеттер де жуық арада қолдайтыны туралы ақпарат тарады.

ӨЗБЕКСТАН МЕН ҚЫРҒЫЗСТАН ШЕКАРА ДЕЛИМИТАЦИЯСЫН ТАБЫСТЫ ЖАЛҒАСТЫРУДА



Қыркүйек айының 24 мен 30 аралығында Қырғызстанның Қызыл-Қия қаласында Өзбекстан мен Қырғызстанның өзбек-қырғыз мемлекеттік шекарасын делимитациялау және демаркациялау мәселелері бойынша құрылған үкіметтік делегациялардың жұмыс тобы келіссөздері өтті.

Өзбекстан Сыртқы істер министрлігі баспасөз қызметінің деректеріне қарағанда кездесу кезінде тараптар алаңдарда жүргізілген зертетулердің қорытындыларын талқылаған, сонымен бірге, шекара сызығының қалған бөліктерін сипаттап шығу мәселесі қарастырылыпты.

Кездесу соңында хаттамаға қол қойылған.

Естеріңізге салар болсақ, алдыңғы кездесулер кезінде Өзбекстанның Ферғана облысындағы жер телімі мен Қырғызстанның Баткен облысындағы Шахитмардан және Газнов аймақтарының аумағы толық сипатталып, картаға түсірілген болатын.

ҚЫРҒЫЗСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ТҮРКСОЙДЫҢ БАС ХАТШЫСЫН МАРАПАТТАДЫ



3 қазанда Қырғыз Республикасының Президенті Сооронбай Жээнбеков ТҮРКСОЙ-дың Бас хатшысы Дүйсен Қасейіновке «Дәнекер» орденін тапсырды. Аталған марапат ТҮРКСОЙ басшысының Қырғыз Республикасы мен өзге түркітілдес мемлекеттердің арасындағы достық пен мәдени байланыстарды нығайтуға қосқан үлесі үшін беріліпті.

Қырғыз басшысы марапаттау рәсімі кезінде Д.Қасейінов басқаратын ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы түркітілдес мемлекеттер арасында көпір қызметін атқарып отырғанын әрі бұл бағытта орасан зор қызмет атқарғанын, халықаралық сахнадағы беделі жоғары ұйым екендігін атап өтті.

Президент С.Жээнбеков Дүйсен Қасейіновке Қырғызстан мен ТҮРКСОЙ-дың нытымақтастығын тереңдетуге, ел үшін маңызды саналатын бірқатар шараларды

жоғары деңгейде ұйымдастыруға, қырғыз халқының рухани және мәдени құндылықтарын сақтау мен насихаттауға қосқан үлесі үшін алғысын білдірді.

Қырғызстан Президенті ТҮРКСОЙ-дың 2018 жылды «Шыңғыс Айтматов жылы» деп жариялағаны үшін және қырғыз ақындары мен жазушыларының кітаптарын жариялағаны үшін Бас хатшыға рахмет айтты. Өз кезегінде Д.Қасейінов Президент С.Жээнбековке жоғары марапатқа лайық деп танығаны үшін алғыс білдіріп, ТҮРКСОЙ-дың қызметіне Қырғызстан басшылығы тарапынан үнемі қолдау көрсетіліп тұратынын айтты.

ТҮРКСОЙ басшысы 2018 жылды Ш.Айтматов жылы деп жариялау туралы шешімді ұйым мүшелерінің барлығы қолдағанын әрі жазушының 90 жылдығына арналған іс-шаралар әлемнің көптеген елдерінде өтіп жатқанын айтты. Сонымен қатар, Д.Қасейінов қараша айында Жапонияда Қырғыз Республикасының аталған елдегі елшілігінің қолдауымен Шыңғыс Айтматовқа арналған іс-шара өтетінін атап өтті.